

Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2023 жылғы 12 қазандағы № 62 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына сәйкес Қарасу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округі жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округі жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу аудандық мәслихатының төрағасы

С. Қажиев

Мәслихаттың

2023 жылғы 12 қазандағы

№ 62 шешіміне

1-қосымша

**Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары**

Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы

№ 122 бұйрығына сәйкес өзірленді және Айдарлы ауылдық округі ауылдарының тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиыны - ауылдық округ тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу үшін Айдарлы ауылдық округінің аумағы участкерге (ауылдарға, көшелерге) болінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Айдарлы ауылдық округінің әкімі Айдарлы ауылдық округінің ауылдары шегінде бөлек жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізуді үйимдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Айдарлы ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауылдың қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Айдарлы ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Айдарлы ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Айдарлы ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қарасу аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда бөлек жиынның төрағасы, шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін Айдарлы ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналышында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынның немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының өткізілетін күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналышына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген қатысушылардың саны мен тізімі;

4) жергілікті қоғамдастық жиыны немесе жергілікті қоғамдастық жиналышы төрағасының және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөз сөйлеу мазмұны және қабылданған шешімдер.

Мәслихаттың

2023 жылғы 12 қазандығы

№ 62 шешіміне

2-қосымша

### Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Өкілдерінің саны (адам)
Айдарлы ауылының тұрғындары үшін	5
Советская көшесі	1
Гагарин ат. көше	1
Молодежная көшесі	
Южная көшесі	1
Степная көшесі	
Комсомольская көшесі	

Новая көшесі	1
Калининградская көшесі	
Целинная көшесі	
Октябрьская көшесі	
Орешонка ат. көше	1
Ленин көшесі	
Львовская көшесі	
Пионерская көшесі	
Дружба ауылдың тұрғындары үшін	1
Пристанционная көшесі	
К. Маркс көшесі	
8 Март көшесі	
Ленин көшесі	
Школьная көшесі	
Герцен ауылдың тұрғындары үшін	2
Карпатская көшесі	
Ленин көшесі	
Набережная көшесі	1
Новозаречная көшесі	
Заречная көшесі	
Герцен ат. көше	1
Комсомольская көшесі	
Степное ауылдың тұрғындары үшін	2
Дружба көшесі	
Целинная көшесі	
Кубанская көшесі	1
Свердлов көшесі	1
Набережная көшесі	
Гагарин көшесі	
Больничный тұйық көшесі	
Молодежный тұйық көшесі	
Барлығы	10